

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»
 тақырыбындағы Мағзумова Назира Кайроллоvnаның диссертациясына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес келеді.</p> <p>6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Назира Кайроллоvна Мағзумованың «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары айқындала отырып, аталған заңның «Білім беру жүйесін басқару» деп аталатын екінші тарауының 44 - бабында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарын басқаруда дара басшылық қағидаттары негізгі принциптер ретінде белгіленген Заңы аясында орындалған, себебі оның мазмұнында «Жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту және халықаралық практикаға сәйкес жеке коммерциялық емес ұйымдарға трансформациялау, даму стратегиясының қалыптасуы, білім беру қызметтері нарығында тиімді қызмет атқару, бәсекеге</p>

			<p>қабілеттілікті арттыру, заманауи технологияларды меңгеру және адами ресурстарды басқарудың инновациялық тәсілдерін енгізу қазіргі таңда өзекті мәселелердің қатарына жатады» деп білім мен тәрбие беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.</p> <p>Қазақстан Республикасының 31.12.2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңы сапалы білім беру ісіне арналған басты қадам болып табылады. Заңға сүйенсек, әрине, бұл педагогтердің жаңа заманға лайықты кәсіби ұтқырлығы мен кәсіби өсуін жүзеге асыруды, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындауды, олардың алдына қойылған міндеттерді дұрыс шеше білу және кәсіби іскерліктерін қалыптастыруда <i>мемлекеттік бағдарламаға сәйкестігін</i> көрсетеді.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдында тұрған негізгі міндеттер - білім беру мазмұнын жаңарту және жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық қоғам талаптарына сай бәсекелестікке қабілетті, жан-жақты қалыптасқан құзіретті мамандарды даярлау» - білім беруді цифрландырудың маңыздылығын атап өткен тұжырымдамаларына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады , себебі бүгінгі күні білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби - педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру, мамандардың кәсібилігінің жоғарылауына мүмкіндік береді және сапалы жаңа деңгейде

			педагогтардың білім беру үдерісінің субъектілерімен өзара әрекетін құруға көмектеседі, мұның өзі кәсіби менеджменттің жүзеге асырылуына септігін тигізетін негізгі алғышарттардың бірі. ал оның маңыздылығы ашылған, өйткені зерттеу жұмысы ғылымға және білім беру жүйесінде, еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес келетін білім беру мен ғылым саласындағы менеджердің кәсіби құзыреттілігін қарастыру арқылы тақырыптың тиімділігі мен қажеттілігіне бағытталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	1) өзі жазу деңгейі жоғары, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өзінің дербестігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Өйткені зерттеудің жетекші идеясы, қазіргі заманғы педагогикалық және психологиялық ғылымның талаптарына сәйкес негізделіп, мәселенің жан-жақты зерттелуі жұмыстың жоғары ғылыми деңгейде орындалғанын дәлелдейді. Диссертацияда ғылыми мәтін құру дағдысы жоғары деңгейде екенін атап өткен жөн: зерттеу құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, мазмұны ғылыми дәлелдерге сүйенген, нәтижелер нақты және негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1) негізделген, оның дәлелі - педагогикалық, психологиялық және басқарушылық білім мен дағдылардың интеграциясын болжайтын, білім беру менеджерінің кәсіби құзыреттілігінің объективті пәнаралық сипаты, білім берудің басқарушы кадрларын даярлау мен қалыптастыру психологиялық-педагогикалық шарттарын қолданудың қажеттілігі арасындағы сәйкессіздіктерді

			<p>шешу жолдарын іздеу зерттеу мәселесі ретінде қарастырылғаны.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p> <p>1) айқындайды, себебі диссертация мазмұны тандалған тақырыптың мазмұнын толық ашып корсетеді. Зерттеу құрылымы ғылыми талантарға сай құрастырылған және логикалық бірізділікпен орындалған. Диссертация анықтамалар тізімінен, кіріспеден, екі негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен мен қосымшалардан тұрады. Кіріспе болімінде автор зерттеу жұмысының өзектілігін негізден, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәні мен нысанын, теориялық және әдіснамалық негіздерін нақты корсеткен. Бірінші тарауда зерттеліп отырған проблема бойынша педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыларынан теориялық және практикалық жақтарынан негізделіп, білім беру саласының басқару атқарымдары мен құрылымдарына жіктелулер, құзырлы – менеджерді қалыптастырудың ерекшеліктері, заманауи құзыреттілік тұжырымдамасы аясында ең өзекті мәселелердің бірі - педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуы, кәсіби құзыреттілік ұғымының мазмұнын саралап, ЖОО басшы қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі сарапталды, университетті басқару үдерісіндегі SWOT-талдау жасалды, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі құрастырылған. Екінші тарауда білім беру менеджерінің кәсіби құзыреттілік шеңберіндегі педагогикалық құзыреттілік атқарымдары жіктелді, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттерінің қалыптастыру тәжірибелік – эксперимент</p>
--	--	--	--

		<p>жұмыстарының нәтижелері сұрыпталып тексерілген. Қорытынды бөлімде автор зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер мен тұжырымдар болашақ зерттеушілерге арналған жүргізілген зерттеу бойынша ұсыныстар берілген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>1) Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған міндеттері, нысаны мен пәніне сәйкес анықталған, зерттеу тақырыбының мазмұнына толықтай сәйкес келеді, нәтижелер диссертанттың міндеттерді толық жүзеге асыра алғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеудің мақсаты анықталатын педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін даярлау моделін теориялық тұрғыдан негіздеуді және сынақтан өткізуді орындаумен сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға теориялық тұрғыда негіздеумен; білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін педагогикалық шарттарын анықтаумен; болашақ білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін моделін жасаумен сынақтан өткізумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>1) толық байланысқан, нақты айтатын болсақ диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, зерттеу</p>

		<p>нәтижелері мен тұжырымдары негізделіп, жоғары оқу орнында модельді іске асырудың нәтижесі кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейлі менеджерлерін даярлауға ықпал ететін, қазіргі заманғы талаптарға бейімделген (мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік, рефлексивті) басқарушы кадрлардың кәсібилігін сипаттайтын компоненттердің дамуын қамтамасыз ететін, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 		<p>1) сыни талдау бар, бұл үдерісті жүзеге асыру барысында зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімінде сыни талдау бар екені, зерттеу тақырыбы аясында педагогика және психология теориясы мен практикасындағы ұстанымдар, тұжырымдар мен идеялардың өзара байланысын саралап, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдауда, білім беру жүйесіндегі менеджердің кәсіби құзыреттіліктерінің теориялық негіздеу арқылы «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер», «Құзыреттілікті қалыптастыру механизмі» ұғымдарының мазмұнын нақтылауда (1 сурет, 41 бет) көрінеді. Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер моделін жасаған (6 кесте, 70 бет). Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін ендіру тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері статистикалық-математикалық тұрғыдан өңделген.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>1) толығымен жаңа, Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни диссертант өз зерттеуінде, «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» мазмұны нақтыланған, ұғымының авторлық анықтамасын берген.</p> <p>Екінші ғылыми нәтиже жаңа, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаған мүмкіндіктері айқындаған.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни диссертант, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасаған, моделдеу әдісі негізінде құрастырған.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты электронды оқу-әдістемелік құралы, «Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» инновациялық білім бағдарламасы 6В03102 - «Психология және білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы «Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курс енгізілді, «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып алғаш рет енгізілген, толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы</p>	<p>1) толығымен жаңа. Қорытынды жаңалығы, ол зерттеу барысында авторлар жасаған тұжырымдамалардың мазмұнын ескере отырып, «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің</p>

	<p>25%-дан кем).</p>	<p>кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мазмұны нақтыланған - толығымен жаңа болып табылады; Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаған - толығымен жаңа болып табылады; Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасаған - толығымен жаңа болып табылады; «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты электронды оқу-әдістемелік құралы, «Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» инновациялық білім бағдарламасы 6B03102 - «Психология және білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы «Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курс енгізілді, «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып алғаш рет енгізілген, толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>1) Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеу нәтижелері автордың терең теориялық-әдіснамалық тұғырнамасына, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулердің деректеріне, сондай-ақ авторлық «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралын</p>

			мазмұнына сүйене отырып ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Автор ұсынған негізгі тұжырымдар бұрынғы еңбектерде жүйелі түрде қарастырылмаған жаңа идеяларды қамтиды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан терең әрі сенімді негізделген . Олар сапалық (qualitative) зерттеулердің әдістемелік талаптарына, сондай-ақ өнертану мен гуманитарлық ғылымдардың теориялық парадигмаларына толық сәйкес келеді. Бұл негізділіктің басты себебі — зерттеудің әдіснамалық негізінің мемлекеттік бағдарламаларға, салалық заңнамалық актілерге және қазіргі заманғы ғылыми-теориялық тұғырларға сәйкес құрылуы.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда 	<p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденді. «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» ұғымының авторлық анықтамасын берген.</p> <p>7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. ия. Бірінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. кең.</p> <p>7.5. ия. Бірінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Екінші қағидат дәлелденді. Білім беру жүйесінде менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары: тұлғалық бағыттылық; үздіксіз кәсіби даму; педагогикалық рефлексияны қалыптастыру; психологиялық қолайлы орта қалыптастыру; коммуникативтік мәдениетті дамыту; білім беру менеджерлерінің басқарушылық, педагогикалық және жеке әлеуетін дамытуға бағытталған және</p>

		<p>ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>олардың кәсіби құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін нақты педагогикалық практикамен басқару теориясын интеграциялау дәлелденді.</p> <p>7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. ия. Екінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. кең.</p> <p>7.5. ия. Екінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан</p> <p>7.1 Үшінші қағидат дәлелденді. Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделі өзара бір бірімен байланысты компоненттердің біртұтастығы:мақсаты,міндеттері, әдіснамалық тұғырлары(құзыреттілік, жүйелік, тұлғаға бағытталған, белсенділік, аксиологиялық (құндылық)), оқыту мазмұны, әдістері, құралдары және нысандары, сондай-ақ принциптері (мақсаттылық принципі, коммуникативтілік принципі, сәйкестік принципі, сана мен іс-әрекеттің бірлігі принципі, даму принципі)құрылымына енгізілуі дәлелденді.</p> <p>7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. ия. Үшінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. кең.</p> <p>7.5. ия. Үшінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан</p> <p>7.1 Төртінші қағидат дәлелденді. Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешені:«Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курсы;</p>
--	--	--	---

			<p>«Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» оқу-әдістемелік құралы; білім беру жүйесіндегі болашақ менеджерлердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған «Әлеуметтік-психологиялық тренинг» бағдарламасы құзыреттілігі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығы.</p> <p>7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. ия. Төртінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. кең.</p> <p>7.5. ия. Төртінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Бесінші қағидат дәлелденді. Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әзірленген модельдің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру нәтижелері біздің зерттеу болжамымыз дәлелденді.</p> <p>7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. ия. Бесінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. кең.</p> <p>7.5. ия. Бесінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	<p>1) иә, әдіснаманы таңдау – негізделген, яғни автор өз зерттеуінде келесі әдіснамалық ұстанымдар мен тұғырларға негізделген:</p> <p>- кәсіби құзыреттің жеке компоненттерін қалыптастыру педагогикалық жағдайларын зерттеген ғалымдар (М.В.Кларин, В.В.Горшкова, М.И.Лисина, В.Я.Ляудис, А.А.Вербицкий, Ц.Йотов, Е.А.Климов, А.А.Вербицкий, Н.А.Борисова) кәсіби құзыреттерінің жеке</p>

			<p>компонентерін, қалыптастырудың педагогикалық үрдістері ретінде зерттеді;</p> <p>- әдіснамалық негіздер, басқару теориясы алыс және жақын шетел ғалымдарының Ф.Роджерс, Т.Питерс, Ф.У.Тейлор, П.Ф.Друккер, И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.П.Тряпицына, Ю.А.Конаржевский, А.Майоров, М.М.Поташник, Т.И.Шамова, С.Д.Якушева және т.б. ғалымдар еңбектерінде тереңнен қарастырылған;</p> <p>- білім беру ұйымдарының басшыларын даярлауды жетілдірудің әдіснамалық негіздерін зерделегендер: А.Туксанбаев, Г.З.Адилгазинов, Б.Сайлыбаев, А.Абишев және тағы басқалары;</p> <p>- Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде қазіргі кезде жалпы білім беретін ұйымдардың педагогикалық үдерісін басқарудың теориясы мен практикасын Т.О.Балықбаев, Т.М.Баймолдаев, Д.Н.Кулибаева, С.К.Исламгулова, К.Ж.Аганина, З.А.Исаева, Ж.Б.Умирбекова еңбектерінде; жоғары оқу орнын басқарудың ғылыми педагогикалық негіздері, педагогикалық шарттарының ерекшеліктерін А.С.Сатыбалдиева, Л.Н.Ким, К.А.Жусупова, Е.Ш.Козыбаев, Б.К.Омарова еңбектерінде; отандық ғалым К.С.Құдайбергенова «құзыреттілікті» педагогиканың категориясы тұрғысынан, Қ.М.Нағымжанова – «құзыретті оқытушыдан құзіретті маманға» - қалыптасуы туралы атап өтті және т.б. ғалымдар зерттеді.</p>
--	--	--	---

<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>1) иә, зерттеу барысында ізденуші зерттеу болжамының дұрыстығын анықтау мақсатында өзара толықтырып, байыта түсетін бірқатар әдістер кешенін тиімді қолданған:</p> <p>- теориялық әдістер: зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық және анықтамалық әдебиеттерді талдау, бұрын орындалған диссертациялық зерттеулерді сараптау, жоғары оқу орны құжаттамаларын зерделеу;</p> <p>- эмпирикалық-психологиялық-педагогикалық әдістер кешені: педагогикалық эксперимент, тестілеу, педагогикалық тәжірибені зерделеу және қорытындылау;</p> <p>- эксперименттік зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеудің математикалық әдістері: Стьюденттің <i>t</i>-критерийін талдау, деректерді визуализациялау әдістері.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>1) иә, диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен құрастырылған модель нақты ғылыми негізінде құрылып, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер арқылы сенімді түрде дәлелденген.</p> <p>Теориялық қорытындылар академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және ЖМ «Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» инновациялық білім бағдарламасы 6В03102 - «Психология және білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларына жүргізілген эксперименттік зерттеулерде дәлелденген және расталған. Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға ықпал еткен.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және</p>	<p>Зерттеу жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді</p>

		сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз .	Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесіндегі пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті .
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ.	1) бар , диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы – ғылыми жұмыстың ғылымға қосқан жаңа теориялық үлесін, яғни жаңа білімді, ұғымдарды, тұжырымдарды, ғылыми заңдылықтарды қалыптастыруда ықпал етеді. Тұтас педагогикалық процесс теориясы, кәсіби білім беру теориясы, басқарудың ерекше қызмет түрі ретіндегі ең маңызды философиялық ережелері, педагогикалық инновация және қазіргі заманғы педагогикалық менеджмент саласындағы теориялық әзірлемелер, педагогикалық білім беру тұжырымдамалары, жоғары білім беру дидактикасының негізгі ережелері.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ.	1) иә , диссертацияның практикалық маңызы, ол -«Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курсы; -«Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы; -ЭЕМ арналған «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» бағдарлама (авторлық куәлік №7453); -коммуникативті қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған элеуметтік-психологиялық тренинг бағдарламасы. Әзірленген жұмыстардың жоғары оқу орындары практикасында қолдану мүмкіндігі жоғары, ЖОО оқу-тәрбие үрдісіне сәтті енгізілді және енгізу актілерімен расталады.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>1) толығымен жаңа, диссертациялық жұмыстың нәтижесінде қорытындылар мен жасалған практикалық ұсыныстар диссертациялық жұмыс қорытындысында автор берген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, салыстырмалы, статистикалық және талдамалық талдаулардың нәтижелерімен расталады. Зерттеудің практикалық бөлімі жоғары және педагогикалық - психологиялық оқу орындарының тәжірибесінде менеджмент сапасын арттыру тәсілдерін психолог - педагогтардың кәсіби құзыреттілігін, білім беру саласындағы тәуекел - менеджердің кәсіби біліктілігін арттыру, CLIL – интеграциялық технология әдісін оқу үдерісіне енгізу жағдайында студенттердің тұлға аралық коммуникациясын дамыту мақсатында қолдануға мүмкіндік береді және білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>1) жоғары, «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған Назира Кайроллоевна Магзумованың диссертациялық жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары және орындалған диссертациялық жұмысы білім беру кеңістігіндегі маңызды проблемалардың бірін зерттеуге арналған, отандық ғылым мен практикаға өз үлесін қоса алатын еңбек болып саналады.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Рецензияға ұсынылған диссертациялық жұмыс бойынша келесідей ескертулер жасалады: диссертация мазмұнында стилистикалық және грамматикалық қателер кездеседі. Бұл зерттеу жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызына нұсқан келтірмейді. Дегенмен, көрсетілген ескертулер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.</p>	
12.	Докторант	Диссертациялық жұмыстың мазмұны автордың 25 ғылыми	

	<p>мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі</p>	<p>еңбектерінде жарық көрген. Диссертация тақырыбы бойынша 2 – «Scopus» БД индекстелетін басылымдарда («Cypriot Journal of Educational Science», 2021ж. және 2022ж.);</p> <p>1 – оқу-әдістемелік құрал «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы (Латвия 2019ж.);</p> <p>1 – электронды оқу құралы «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» (авторлық куәлік №7453);</p> <p>6 – ҚР ҒҖЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдардағы мақалалар:Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. «Педагогика. Психология. Әлеуметтану», 2018; «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы», «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, 2019; Қазақ білім академиясының баяндамалары. Жалпы педагогика Педагогика және білім тарихы.Этнопедагогика,2018;Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы, 2022; Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series, 2024);</p> <p>6 – республикалық конференция материалдарында (Қарағанды,2020, 2022, 2024); (Астана,2021,2021,2023);</p> <p>9 – жақын алыс шетелдердің (Омбы,2017),(Мәскеу,2019), (CentralAsia,2020),(Самара,2021), Чехия,2017,2021), (Дания,2018),(Польша,2019),(Словакия,2020) халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында және шетелдік журналдарда жарияланған.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Ережені 4.10-тармағына сәйкес)</p>	<p>Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Назира Кайроллоевна Магзумованың «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы өте жоғары ғылыми деңгейде орындалған дербес зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Магзумова Назира Кайроллоевнаға 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп тұжырымдаймын.</p>

Ресми рецензент:

КеАҚ Торайғыров университеті
«Тұлғалық дамыту және
білім беру» кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты



С.К. Ксембаева

